

«Айгөлек» - балалар журналы. ХХІ ғасыр балаларының ой-сана, қызығушылық талап-талпынысы толық ескерілетін басылым.


Бас редакторы- Қымбат Әбілдәқызы. 2010 жылдан бастап 10 бет қосылып, қазір 32 беттен тұратын журнал болып саналады. Журнал "Лидер офсет" баспаханасында басылады.



«Ақ желкен» - Республикалық жастар және балаларға арналған әдеби-көркем журнал. Құрылтайшысы - ҚР Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі. Айына бір рет шығады. Журналда тарихи, ғылым-танымдық, тәрбиелік мәні мол мақалалар, сондай-ақ талапкер жасөспірімдердің — мектеп оқушыларының өлең-жырлары, әңгіме, хикаяттары ұдайы жарияланады.




«Алақай. Балақай» журналы беттерінде қызықты ертегілер, әңгімелер, бүлдіршіндерге арналып әртүрлі тапсырмалар берілген. Сондай –ақ олардың журнал бетіндегі ойжұмбақтарды шешуде тапқырлық көрсетіп, жеңімпаз атануына, сурет салуды, кәдімгі қағаздан әртүрлі аңдар, құстарды жасауды үйренуіне көп көмек көрсетеді.



«Балабек» - 6-11 жастағы балғындарға арналған басылым. Сондықтан мұнда ойнай жүріп ойландыратын материалдарға басымдық беріледі. Ойын-тақпақ, жұмбақтар, шағын әңімелер, қызықты есептер көптеп жарияланады.



«Бала Би» журналы негізгі мақсаты - қазақ балаларын өз елін сүйеге, туған табиғатының жұмбақ әлемін түсіне білуіне, яғни ана тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, қадірлеуге үйрету. Журналда: «Менің Қазақстаным», «Ұлттық тәрбие негіздері», «Адамзат дамуы», «Тағылым», «Жеті жұрттың тілін біл», «Ауыл+қала», «Бәйге төбе» рубрикалары бар.



«Балақан» журналы бастауыш сынып оқушыларына арналған. Әрбір оқушы, ұстаз, ата-аналар осы журналдың меншікті тілшісі бола алады. Журналдың әр бөліміне арнап өз шығармашылық жұмыстарыңызды жіберуге болады.




«Балалар әлемі» – әсем безендірілген суреттерімен, шығармаларымен, ғылым мен ғаламның қызықты деректерімен жас бүлдіршіндерді сиқырлы әлемге жетелейтін журнал. Оның өзектілігі – балалардың кітап оқуға деген құмарлығын арттырып, мәдениетті болып өсуіне тәрбие береді, жалпы рухани дүниесін байыта түсуге ат салысады.



«Балбұлақ» - балалар мен жасөспірімдердің табиғи қабілетін оятып, талабын шыңдауға бағытталған ақпараттық танымдық журнал.


Бұл журналдың әр санынан балалар Қазақстан тарихы, қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, өздерінің құқықтары жайлы жазылған мақалаларды, сонымен қатар бос уақытты қызықты да, пайдалы өткізу мен ой-өрістерін кеңейту үшін берілген сөзжұмбақтар, ребустар, жұмбақтар мен мақал-мәтелдерді оқи алады.



Балалардың бәрі білетін «Ерке бала» журналында бүгінгі сәбилер үшін қызықты дүниенің бәрі жарқын әрі түсінікті нысанда берілген. Қызықты ойындар мен қол бос уақыттағы шығармашылық, комикстердегі қиял-ғажайып сюжеттер және болған жайттар берілген.



«Ертегілер әлемінде» - балаларға арналған түрлі – түсті ертегілер журналы, қазақ және орыс тілдерінде шығады. Бұл басылымда балалар әлем халаықтарының ертегілерімен танысады.




«Ертегілер елінде» журналы балабақша жасындағы балалар мен бастауыш сынып, орта буын оқушыларына арналады. Журналда бұрын еш жерде басылмаған жаңа ертегілер жарияланады.



«Жыл он екі ай» – оқушылар мен ата-аналарға және тәрбиеші, ұстаздарға арналған әдеби-танымдық күнпарақ, үлкен-кішінің бәріне ортақ журнал. Халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан хабардар болғыңыз келсе, және кітапқұмар, ақылды, өнегелі боп өсулеріңе ықпал ететін бұл басылымды кітапханадан алып оқып көріңдер!



«Керемет KIDS» - балаларға арналған республикалық журнал. 1-4 сынып оқушыларына ағылшын тілін меңгеруге арналған. Журналда берілген түрлі ойындар баланың тілді оңай меңгеруіне септігін тигізеді. Суреттермен берілген ағылшын тіліндегі сөздер қазақ және орыс тілдерінде жазылған. Журнал өте қызықты, әрі тартымды.



«Мөлдір бұлақ» журналы көркем суретті, әдемі безендірілген, көз тартарлық басылым. «Мөлдір бұлақ» журналы жас зиялыларға арналған республикалық танымдық журнал. Сонымен қатар бұлдіршіндердің әңгіме, өлеңдері үздіксіз жарияланады. Журналдың тағы бір ерекшелігі пәндік тестер жауаптарымен берілген.



«Хан талапай» - республикалық балалар журналы. Орыс және қазақ тілінде шығады. Бастауыш сыныптың оқушыларына арналған әдеби-танымдық журналда ертегілер, ойындар, оқуға да көмегін тигізеді.